

ISSN 2310-3353



«А. БАЙТҰРСЫНОВ  
АТЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ ӨңІРЛІК  
УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ



# ҚМПИ ЖАРШЫСЫ

ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ  
НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

№ 2  
2023



PUBLISHINGS

K S P I



Қ М П И  
ЖАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

К Г П И

2023 ж., сәуір, №2 (70)  
Журнал 2005 ж. қаңтардан бастап шығады  
Жылына төрт рет шығады

Құрылтайшы: *А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті*

**Бас редактор:** *Қуанышбаев С. Б.*, география ғылымдарының докторы, А. Байтұрсынов атын. ҚӨУ, Қазақстан

**Бас редактордың орынбасары:** *Жарлығасов Ж.Б.*, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, А. Байтұрсынов атын. ҚӨУ, Қазақстан

#### РЕЦЕНЗЕНТТЕР

*Березнова Е.В.*, педагогика ғылымдарының докторы, ММХҚИ СИМ, Мәскеу қ., Ресей

*Жаксылыкова К.Б.*, педагогика ғылымдарының докторы, Қ. Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің профессоры, Қазақстан

#### РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ

*Амирова Б.А.*, психология ғылымдарының докторы, Е.А. Букетов атын. ҚарМУ, Қазақстан

*Благодарумная О.Н.*, экономика ғылымдарының кандидаты, Молдова Халықаралық Тәуелсіз Университетінің доценті, Молдова

*Доман Э.*, лингвистикалық ғылымдар докторы, Макао университеті, Сидней, Австралия

*Елагина В.С.*, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ООМГПУ, Ресей

*Жилбаев Ж.О.*, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы президенті, Қазақстан

*Кайе Ж.*, философия ғылымдарының докторы, Виа Домисия Университетінің профессоры, Перпиньян қ., Франция

*Катцнер Т.*, Батыс Вирджиния Университетінің профессоры, PhD докторы, АҚШ, Батыс Вирджиния

*Кульгильдинова Т.А.*, педагогика ғылымдарының докторы, Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ-нің профессоры, Қазақстан

*Марилена Сантана дос Сантос Гарсия*, лингвистикалық ғылымдар докторы, Сан-Паулу Папа католик университеті, Бразилия

*Монова-Желева М.*, PhD докторы, Бургас еркін университетінің профессоры, Болгария

*Чаба Толгизи*, Венгрияның Сегед Университеті экология кафедрасының ғылыми қызметкері, Венгрия

Тіркеу туралы куәлік №5452-Ж

Қазақстан Республикасының ақпарат министрлігімен 17.09.2004 берілген.

Мерзімді баспа басылымын қайта есепке алу 29.03.2021 ж.

Жазылу бойынша индексі 74081

#### Редакцияның мекен-жайы:

110000, Қостанай қ., Тәуелсіздік к., 118

(Ғылым және коммерциализация басқармасы)

Тел. (7142) 54-58-74 (160)

© А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті

### Әдебиеттер тізімі

1. Ақсауытты Ақтамберді: зерттеулер, деректер, мұралар (құрастырған Ә.Ысқақ)/ – Астана: Фолиант, 2011. – 408 б.
2. М.Мағауин «Қазақ тарихының әліппесі» Алматы, 1995. – 206 б.
3. Ж.Тілепов «Ел мүддесі – ерлер еншісі» – 2 том. – Алматы: «Дәуір-кітап» баспасы, 2017. – 384 б.
4. «Қазақ әдебиетінің тарихы» 3 том Алматы: Ғылым, 2000. – 568 б.
5. Қоңыров Т. Қазақ теңеулері. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 1978. – 192 б.
6. Бекбосынова А.Х., Сырбай Мәуленов өлеңдеріндегі теңеу. – Қостанай. ЖШС. «Центрум», 2014. – 152 б.
7. Әмірбекова А.Б. «Қазақ мәдениетін таңбалайтын этномаркерлік бірліктердің қалыптасуы// Тілтаным» – Алматы, 2009. – №3 (35). – 88-92 б.

**БЕКБОСЫНОВА, А.Х., ЖУМАБАЕВА, А.А.**

#### **СПЕЦИФИКА ПРИМЕНЕНИЯ СРАВНЕНИЙ В СТИХОТВОРЕНИИ АКТАМБЕРДЫ**

*В статье проведен лингвистический анализ высказываний видного общественного деятеля, жырау, героя XVIII века Ақтамберды Сарыулы. Одним из средств выразительности на языке произведений Ақтамберды является специфика применения сравнения. В данной статье было проведено исследование «Казахские сравнения» ученого Т. Конырова, которое раскрыло лингвистический вид сравнения и всесторонне изучило способы его создания и синтаксическую структуру.*

**Ключевые слова:** Ақтамберды, жырау, сравнение, разбирать, стихотворении.

**BEKBOSYNOVA, A.H., ZHUMABAeva, A.A.**

#### **THE SPECIFICS OF THE USE OF COMPARISONS IN THE POEM AKTAMBERDY**

*In the article the linguistic analysis of the statements of a prominent public figure, zhyrau, the hero of the 18th century Aktamberdy Saryuly is carried out. One of the means of expression in the language of Aktamberdy's works is the specificity of comparison application. In this article the study "Kazakh comparisons" by the scholar T. Konyrov was carried out, which revealed the linguistic type of comparison and comprehensively studied the ways of its creation and syntactic structure.*

**Key words:** Aktamberdy, zhyrau, comparison, parsing, poem.

## ӘОЖ 428

**Безаубекова, А.Д.,**

филология ғылымдарының кандидаты

А. Байтұрсынов атындағы

Қостанай өңірлік университеті,

Қостанай, Қазақстан

**Бейбітова, Н.Б.,**

1 КЯЛ-22-112-10(3) «Қазақ тілі және

әдебиеті» факультет студенті

А. Байтұрсынов атындағы

Қостанай өңірлік университеті,

Қостанай, Қазақстан

## **ҚАЗАҚ ЖАЗУЫНДАҒЫ ЕМЛЕ ҰСТАНЫМЫНТАНДАУ ҚАҒИДАТЫ (Байтұрсын принципі)**

### **Түйін**

*А.Байтұрсынұлының қазақ тіл білімінің өзге салаларындағы еңбегі бір төбе болса, әліпби, жазу теориясы, емле жайындағы еңбегі бір төбе. Мақалада емлені әлді және әлсіз позицияға қойып тексеру әдістері арқылы негіздейтін бүгінгі орыс жазу нормасына талдау жасау және қазақ тілі емлесінің негізгі ережелері туралы ғалымдардың пікірлері талқыланады.*

**Кілт сөздер:** емле, принцип, үндесім, фонема, позиция, жазба тіл, ауызуша тіл.

## 1 Кіріспе

А.Байтұрсынұлының жалпы лингвистикада алатын орнын белгілі ғалым Н.Уәли былай деп тұжырымдаған: **“Жалпы тіл білімінде тұңғыш фонолог деп әдетте әліпби түзушілерді атайды (олардың фонологиялық зерттеу жазуы шарт емес). Олай болса қазақ тіл біліміндегі алғаш фонолог – А.Байтұрсынұлы”**. Ғалымның қазақ тіл білімі үшін сіңірген еңбегі өте зор, оның ішінде қазақ жазуының емле ұстанымын айқындаған алғашқы ғалым екені сөзсіз.

Ең бірінші, ғалым А.Байтұрсынұлы жазудың басты екі түрін (таңба және әріп), сонымен бірге жүйесін төртеке бөлген (таңбаша, дағдыша, туысша, дыбысша) деп жүйелеген еді. Бұл жалпы жазу теориясындағы жазу типімен түрлеріне сәйкес келеді. Мысалы, Л.В.Зиндер жазудың тегі семасиографиялық немесе идеографиялық және фонографиялық болып бөлінеді дейді. Ал таңба жүйелі емле, тарих жүйелі емле, туыс жүйелі емле, дыбыс жүйелі емле деп орфографиядағы тарихи принцип, этимологиялық принцип, морфологиялық, фонетикалық принциптерді атағаны. Бүгінгі ағылшын жазуын дәстүрлі немесе тарихи принциппен жазылады дегеннен гөрі, әр сөздің жазылуын жаттауға тура келетін идеографиялық принципке жақындайды деген пікірлер де ғалымның осы көзқарасын растайды.

Қазақ жазуының алғашқы кезеңі емле принципін айқындап алу қиындылығымен өлшенді десек, бұл шешуші міндет-ті ғалым **“туыс жүйелі емленің де, дыбыс жүйелі емленің де түкпіріне қиналмай өтетін, екеуінің арасынан жол тауып беретін”** төмендегі ұсыныстар арқылы шешкен:

**“1. Әрбір өз алдына түбірі бар сөз оңаша айтылғандағы естілуінше жазылу.**

**2. Азған сөз азған күйіндегі естілуінше жазылу.**

**3. Үйлестікпен дүдәмәл естілетін болған дыбыстар айқын орындардағы естілуінше жазылу.**

**4. Қосымшалар қосылатын сөздермен бірге жазылу.**

**5. Қосалқы сөз, қос сөз, қосар сөз, қосынды сөз – бәрі де қосарлық белгімен жазылу.**

**6. Жалғаулықтар бөлек жазылу орындарынан басқа жағы жалғау ережесінше болады.**

**7. Үйір айтылатын сын есім мен зат есім бөлек жазылу.**

**8. Көсемше, көмекші етістіктер бөлек жазылу”**.

Бұл пікірді **“полагаю, что практически для тюркских народов самое правильное было бы – комбинация фонетического и этимологического принципов, комбинация в каждом отдельном случае своеобразная и разная, ибо правил общих тут никак нельзя дать”** деп пікірді Л.В.Щерба қайталады [1, 210-211 б].

Бүкіліне белгілі 70-80жж. фонетика, орфографияға байланысты оқулық, емле сөздік кітаптарында, қазақ орфографиясының бірден бір негізі морфологиялық, себебі сөзді қалай естілсе солай емес, негізгі тұлғасын сақтап жазу қажет деген ой-пікірлер айтыла бастап еді. Осы айтылған әдісті ғалым: **“Сөздің ауыздан шығуының өзі екі түрлі болады. Сөйлегенде сөздер бір-біріне жалғаса айтылғанда бір түрлі, әр сөзді оңаша жеке алып айтқанда ауыздан екінші түрлі болып шығады. ...Жеке айтқандағы ауыздан шығуынша жазу түрін біздің қазақ қолданып келеді”**, – деген екен [2, 212 б]. Сол себептенде емлеміздегі туыс жүйелі қатысқан жүйелеріне аса назар аудармай, көпшілігіне қарап, дыбыс жүйелі деп атап келдік. Барлық дыбыстардыңөзіне ғана тән өзіндік үйлесімі бар болғандықтан, бірінің орнына бірі алмасып айтылатын дыбыстардың тегі ешқандай талдауға түспей, қалай айтылса солай қағаз бетіне түсірілсін дегенде ұсыныстар мен пікірлерде көп болғанын айтады ғалым. Осындай бір-біріне шимайланған жіптей жатқан кері тұжырымдарды шешу, оған дәйекті дәлел келтіру тек А.Байтұрсынұлының қолынан келді десем артық емес.

## 2 Материалдар мен әдістер

Емле – ол кез келген жазба тілдің орфографиясында қолданылатын негізгі принциптері. Қазіргі таңдағы емледе қосымша түбір сөздің аяққы дыбысына не болмаса түбірдегі

дауысты дыбысқа үндесіп, үйлесіп таңбалануы ешқандайда түйіткіл туғызбайтыны сөзсіз. Аффикстік морфемалар немесе сөз тудырушы түрлендіруші жұрнақтар болса да әлденеше (әдетте жазу нормасына алтауға дейін, ауызша тілдерде тоғызға дейін) нұсқада болып келеді.

### 3,4 Нәтижелер мен талқылаулар

Ғалым А.Байтұрсынұлы, мысалы, жедел өткен шақтың жалғауын тек ұяң түрімен таңбалауды дұрыс санаған. **“Сондай орындарда күңгейленбейтін айқын жерге келтіріп айтып, сондағы естілуінше жазу”**. Мәселен: “Қасекең сау күндегі әнге басты” дегенде “басты” деген жіктік жалғауындағы “т” дыбысы естіле ме, “д” дыбысы естіле ме” – Дүдәмал, ашық емес. Жанындағы “с” дыбысының әсерінен түрленіп, нақтылы естілмей қалады. Сол сияқты септік жалғаулары да көмескі естіліп, дүдәмалдік танытатын жерлерде, аяғында әсер етпейтін дыбыс бар сөздерге жалғап қарау керек дейді. Позциялық әсері жоқ дыбыстарға л, р, з фонемаларын жатқызады. Мысалы: балдың, қардың, қозда. Бұл дыбыстардың неге позциялық әсері болмайтынынан бұрын, ал-дымен ғалымның осы жазу арқылы қазақ тілінің типологиялық сипатын айқындап алғысы келгенін байқайтын сияқтымыз. Ғалымның шартты рай жұрнағы -са, -се ме, әлде -ша, -ше -ме дегенді анықтау үшін неғұрлым тәуелсіз позция ретінде қонса, сепсе, келсе, қуса, қанса тұлғаларын таңдап алуы – кешше (кешсе), пішше (пішсе) сөздерінде бұлар әлсіз позцияда алдыңғысында әлді позцияда тұрғанын анықтағаны. [3, 128-137 б]. А.Байтұрсынұлының осы ойы, емлені позцияға салып қарау әдістері арқылы негіздейтін бүгінгі орыс жазуының қазіргі нормасында танылып келеді.

Бүгінгі жалпы қазақ жазуының мәселесі болып отырған **ы, і** әріптерінің емлелік ұстанымы болса, ғалым үшін мына ой- пікірі жазудың тарихы үшін аса маңызды: **“Оны қалдырмастан жазамыз сөздің аяғында. Ортасында я басында ашық естілетін орнында. Түбір ішінде, сөз басында ы- ны жазса да, жазбаса да солай оқитын орындарда, жазбағанда оқуымызға кемшілігі болмаса, оны жазуға да қажеті жоқ - деп айтады.** Мәселен: қн (қын), қр (қыр), жлтр (жыл-тыр), мсқ (мысық).

Ғалым өзінің жазу принциптерін қарапайым жалпыхалықтық тілге сүйеніп отырған: **«Емле – жазу үшін шығарған нәрсе, жазу – тіл үшін шығарған нәрсе. Олай болса тілді бұзып емлеге ыңғайлау емес, емлені тілге ыңғайлау керек»** дейді Ахмет Байтұрсынұлы.

Сонымен қатар, ерін үндесіміндегі “ы” әрпінің қағаз бетіне жазылуы немесе жазылмауы, әрине ол дыбыстың естілу естілмеуіне байланысты. Мәселен: лыпа, леп, лепес, лап қойды, лаулап жанды, лоқы, лықылдап, Ленін, Лепсі деген сөздердің алдында келген “л” тап-таза “ы”-сыз естіліп тұр. Оған “ы” жазудың керегі жоқ. “Ылай, ылайық, ылаж, ылау, ілім, ілік, ылғи” деген сөздерде “л” алдында “ы” анық естіліп тұр». Ал күмән туғызатын жерлерді анықтаудың әдісін өлең өлшеуі деп айтады ғалым.

Ахмет Байтұрсынұлы **h** әрпін қазатын төл дыбысында ғана кездеседі деп көрсеткен: **«Шаршағанда – уh, жақтырмағанда түh, өкінгенде – ah және әh, үнлеу, үнлеген, ahламақ дейміз»**. Жұмсалатын немес қолданысқа түсетін жерлері аздау болса да, тілімізде қалыптасқан төл дыбыс болғаннан кейін, жоқ болса орны көрініп тұрады дейді. Ал **x** дыбысын **қ**-ның жұптық реңкі деп көрсетеді. Себебі, ғалым **x** дыбысының мағыналарды ажырататыны шамалы дегенге саяды. Мысалы: халық – қалық, құрметті – хұрметті, хажы – қажы деген сөздердің қайсысын қолдансақ та түсінікті дейді. Ғалым айтқан дыбыстардың ішіндегі жалғыз халықтық қолданыс тілі **x** әрпімен жазылып таңбаланып жүр. Сонымен бірге молда немес қажының тілдік қолданысындағы сөздері реңкке көшкен. Мәселен, дастархан – дастарқан, дихан – дикан, рахмет – рақмет деген сияқты, екінші сыңары жазуда нормасынан кодификацияланған сөздермен толықтырып айтуға балады – деп ой-пікірін қалдырған еді.

### 5 Қорытынды

Қортындылай келе, ғалым А.Байтұрсынұлы қазақ тілінің лингвистика мен әліпбиін, емле ұстанымы мен орфограммалау әдістерін бөліп жүйелеген тұңғыш лингвист ғалым. Ғалымның тұжырымдарына сүйене отырып бұрынғы және жаңа емлені жанастырып, талдауға, талқылауға салып түзетулер енгізу арқылы өзіміздің сонау тарихы бар тілдік жүйемізді одан әрі жаңғырта аламыз деп ойлаймын.

### Әдебиеттер тізімі

1. «Қазақ жазуының тарихы мен теориясы» Күдерінова Қ.Б. – Алматы: Елтаным баспасы, 2013. – 242 б.
2. Емле туралы «Еңбекші қазақ» 1929. 27-март. Мақаланы қазіргі графикаға аударған О.Жұбаева «Ұлттың ұлы ұстазы» Алматы, 2001. 128-137 б.
3. Байтұрсынұлы А. «Тіл тағылымы» Алматы: Ана тілі, 1992. – 414 б.
4. Жазу номалары туралы «Қазақ жазуының теориялық негіздері» Күдерінова Қ.Б. Алматы, 2010. – 269 б.

**БЕЗАУБЕКОВА, А.Д., БЕЙБИТОВА, Н.Б.**

### **ПРИНЦИП ВЫБОРА ОРФОГРАФИЧЕСКОЙ ПОЗИЦИИ В КАЗАХСКОМ ПИСЬМЕ. (ПРИНЦИП БАЙТУРСЫНА)**

*Работа А.Байтұрсынұлы в других областях обучения казахскому языку такая же, но такая же его работа в области алфавита, теории письма и орфографии. В статье рассматривается анализ современной нормы русского письма, в основе которого лежат методы проверки правописания в сильных и слабых позициях, а также мнения ученых об основных правилах правописания казахского языка.*

**Ключевые слова:** правописание, принцип, интонация, фонема, позиция, письменная речь, разговорная речь.

**BEZAUBEKOVA, A.D., BEIBITOVA, N.B.**

### **THE PRINCIPLE OF CHOOSING AN ORTHOGRAPHIC POSITION IN THE KAZAKH LETTER. (BAITURSYN PRINCIPLE)**

*The work of A. Baitursynuly in other areas of teaching the Kazakh language is the same, but his work is the same in the field of the alphabet, theory of writing and spelling. The article deals with the analysis of the modern norm of Russian writing, which is based on the methods of checking spelling in strong and weak positions, as well as the opinions of scientists about the basic rules of spelling of the Kazakh language.*

**Key words:** spelling, principle, intonation, phoneme, position, written speech, colloquial speech.

ӘОЖ 811.512.122

**Бекбосынова, А.Х.,**

*қауымдастырылған профессор,  
филология ғылымдарының кандидаты,*

**Мәлікзада, А.М.,**

*БВ01701 – қазақ тілі мен әдебиеті*

*Білім беру бағдарламасының 2-курс студенті,*

*А.Байтұрсынұлы атындағы*

*Қостанай өңірлік университеті,*

*Ө.Сұлтангазин атындағы*

*педагогикалық институты,*

*Қазақстан, Қостанай*

### **ЖҮСІП БАЛАСАҒҰННЫҢ «ҚҰТТЫ БІЛІК» ДАСТАНЫНДАҒЫ «БАҚЫТ» КОНЦЕПТІСІ**

#### **Түйін**

*Бақыт ұғымын әр адам әр түрлі түсінетіні анық. Берілген мақалада ойшыл-ғұлама Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанындағы «Бақыт» концептісінің мән мағынасын ашуға бағытталған. Сонымен қоса, өзге де ойшылдардың бақыт жайлы білдірген пікірлерін осы мақалада қозғалады.*

**Түйін сөздер:** бақыт, құт-береке, дәулет, біліктілік.